

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ~~~~~ ИЗВЕСТИЯ

АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИИ И ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ

ВЫПУСК 3 (10)

(ОТДЕЛЬНЫЙ ОТТИСК)

АЛМА-АТА · 1959

ЗӘКИ АХМЕТОВ

ШӘҢГЕРЕЙ АҚЫН

Шәңгерей — XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, дамыған қазақтың жазба әдебиетінің өкілдерінің бірі. Ол қазақ поэзиясында жазба әдебиет дәстүрін орнықтыру, көңіл-күйі, махаббат, табиғат лирикасы сияқты поэзиясының кейбір жанрлық түрлерін дамытуға өзіндік үлес қосқан ірі суреткер ақын. Шәңгерей шығармаларында ескілікті заманды аңсай сарыны құшті. Бірақ ақын творчествосының ауқымы кең, ол осы бір сарының арнасына түгел сиып кетіп тұрган жок. Онда өз заманының әртүрлі ой-қырын аңғартатын күрделі ойлар, көркем топшылаулар да бар. Шәңгерей сол кездегі қоғам өміріндегі бірталай шындықтың бетін аша суреттеген.

Ақын шығармаларының осал жақтары, ойсыратып тұрган қайшылықтары — түптеп келгенде оның білім алып, орыс мәдениетімен танысып, өз кезіндегі өмір шындығының белгілі дәрежеде кейбір сырларын ашып көрсете алғанымен, өзі туып өскен ортадан, жоғарғы таптан, уақыты өткен хандық дәуірдің қайтып келуін көксеген топтан мүлде қол үзіп кете алмағандығынан, бұқара халықтың тубегейлі мудде арманын жете түсіне алмағандығынан туған.

Шәңгерей творчествосы XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бас кезіне дейін созылған дәуірдегі шытырман, қым-қиғаш қайшылығы мол қоғамдық өмірдің, әлеуметтік топтар мен таптардың күрес-тартысының әдебиеттегі бір көрінісі, елесі. Сын көзімен қарап оқып, тексерсе, ақын шығармалары өз заманындағы қоғам өміріндегі қайшылықтарды, қоғамдық сана, ой-пікірдің өсу жолын, қазақ әдебиетінің даму өзгешеліктерін үғынуымызға себін тигізе алады.

Шәңгерейдің өлеңдері 1911 жылы «Шайыр» деген жинақта, сондай-ақ «Көкселдір» атты жинақта, 1926 жылы «Үш жоқтау» деген жинақта басылды. 1934 жылы Шәңгерей шығармалары бөлек кітап болып шықты. Одан кейінгі кезде ақын өлеңдері әртүрлі оку куралдарында жарияланып келді. Осы кезеңде Шәңгерейдің өмірі мен ақындық өнерін зерттеу ісі қолға алынды, ақын туралы түйін-топшылаулар айттылып, зерттеу еңбектер жазылды. Бұлардың ішінен Шәңгерейдің өмірі жайлы деректерді жинастырып, өлеңдерін бастырган Н. Манаевтың, ақын творчествосы жайлы пікір айтқан проф. М. Әуезовтың шығармаларын талдап зерттеу жазған проф. Х. Жұмалиевтің еңбегінің құндылығын атап айтудымыз керек.

Соңғы уақытқа дейін ақын туралы әртүрлі, кейде тіпті бір-біріне

кайшы іікірлер де орын алып келгенімен, Шәңгерей творчествосын текстеру, оны тану, танытуда біраз жұмыс істелді деуге болады.

Ақынның творчествосы алдағы уақытта да зертtele, тексеріле бермек. Шәңгерейдің ақындық қызметінің мәнін терең ашу, оның шығармаларын ғылми байсалдылықпен саралап, сарапқа салып, неғұрлым тиянақты, тұжырымды пікір қорыту, творчествосына берілген бағаны айқындаі, терендете беру — алдағы түрган әдеби мұраны зерттеудегі елеулі міндепті міздің бірі.

Шәңгерей XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрді.

Шәңгерейдің ақындық өнері негізінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Ақындық қызметінің мазмұн-сапасы, сыр-сипаты, әлеуметтік бағыты, нысанасы, өзіндік ерекшеліктері осы кезеңде белгілі-бір ізге түсіп, жүйеге келді, толығынан айқындалды. Онан кейінгі кезеңде, XX ғасырдың бас кезінде ақын творчествосында айтарлықтай өзгеріс, бетбұрыс болғаны байқалмайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Россия империясының құрамына түгелінен қосылған. Қазақ даласында қаймағы бұзылмай түрган ежелгі патриархалды-феодалдық құрылымы ыдырай бастаған, капиталистік қарым-қатынастың элементтері етек алып, көріне бастаған. 1845 жылы Бөкей хандығы жойылып, енді орыс патшалығы орнатқан жаңа ел билеу системасы құрылған. Қазақстанның басқа жерлерінен гөрі Россиямен жақын, ертерек аралас болған батыс аудандарында ақшалы-товарлықарым-қатынас жеделдеу дамиды. Бұл жақта отырықшылық көбірек орын алды. Қазақ ауылдарымен шектес жақын жатқан орыс шаруаларының поселоктары орналасқан болатын. Және кедей тобыға емес жоғарғы, үстем таптың өкілдері де, ауқатты бай адамдарда егін салумен шұғылданып, отырықшылықка үйір бола бастады.

Өндіріс, сауданың, ғылым мен өнердің нышаны көріне бастаған еді.

Дәуірдің ең басты ерекшелігі заман ауысып, қофам көш-ілгері жылжи басып, ескінің іргесі сөгіліп, жақаның елесі көріне бастады. Бір жағынан бай мен билердің, чиновниктердің қысымы күшіне түссе, екінші жағынан егін шаруашылығы, сауда-саттықтың өркендей бастауы, өнер-білім аз да болса өрістеуі қазақ қофамының алға басуына жағдай жасаған еді.

Шәңгерей Сейткерейұлы 1847 жылы саршатамыз ішінде (июнь — июль айлары) Жасқұс құмында, Ордада (осы күнгі Жаныбек ауданы), Батыс Қазақстан облысында туды.

Ақын бір өлеңінде («алпыс бөлме, жұз есік») көк орданың ішінде дүниеге келдім деп өзінің хан ордасында туғанын айтады. Ал хандықтың өзі Жәңгір хан (Шәңгерейдің ұлы әкесі) өлгеннен кейін 1845 жылы жойылған болатын. Ханның тұқымдары елде төре, мырза атанғандар дворян, помещик бола бастаған.

Шәңгерей бес жасында ата-анасынан айрылып, жетім қалады. Бірақ атасынан қалған дәүлет арқасында қыншылық көрмей өседі. Әкесінің інілдері Шәңгерейдің оқып-білім алуына себепші бол көмек етеді.

Ол Орынбордағы кадет корпусына түсіп екі жыл оқыды. Орыс тілін үйреніп, орыс әдебиеті, мәдениетімен танысады. Бұдан соң біраз уақыт Самара губерниясында (қазіргі Куйбышев облысы) мировой судья (бітімші сот) болып істеген. Онан кейінгі кездерде Шәңгерей басқадай қызмет іздемей, өзінің қонысы Қолборсыда тұра берген. Борсы өзенінің жағасында (Саратов пен Самара аралығында) өзінің меншікті жері, шаруашылығы, қора-қопсысы болған. Борсының арғы бетіндегі орыс поселкасының тұрғындарына арендаға жер береді екен. Және өзі де сол жерге егін салдырып, мал ұстаған, мая салдырған, бау-бақша өсірген. Осының бәрін

атқаратын қоңытөлеңгіт, қарашысы болған. Сол сияқты аң аулайтын, құстарды баптайтын құсбегі, ат жаратып, бәйгеге қосатын ат ұстаушысы, тағы сондай қызметші адамдары болған.

Шәңгерейдің өзі шаруасына көп көңіл бөліп басқарып отырган сияқты. Мұны ақынның сүйген жары Қатшекейге жазған өлеңіндегі:

Алты айдай ақ жүзінді бір көрмедім,
Шаруа қолым тимей жұмысыммен,—

деген сөзінен де байқауға болады.

Шәңгерей ит жүгіртіп, құс салуға, саятшылық өнеріне де әуес екен. Соны қызықтап, бірталай уақытын сонымен өткізген. Ән-күйге, сурет өнеріне ерекше көңіл қойған ақын әнші-күйші, домбырашы, суретші сияқты өнерпаздарды өзіне жақын тартып, оларға сый-құрмет көрсетіп, өнерін тамашалап отыруды ұнатса керек. Осынай өнерлі адамдардың қатарында ел ішіндегі әнші, жырши, домбырашылармен бірге суретші Мальцев деген дос аралас адамы болыпты. Шәңгерей оның өнеріне үлкен мән берген. Қожа-мұлдалар, діні адамдар сурет салу құдайға қарсылық еткен болады, ол шайтанның сиқыры деп, оның халық арасында әріс алуына жол бермеген заманда Шәңгерейдің бұл өнерді қасиеттеп, жоғары бағалап, үлгі-өнеге етуі сүйсінерлік, айтарлық іс.

Өмірінің соңғы кезінде Шәңгерей ел жұмысына мүлде араласпаған көрінеді. Ел арасындағы дау-талаққа қатысып, не кесім айтып, не бір жағын жақтап араласуы өте сирек, бірлі-екілі ғана. Осыған жалғас Уральскіде «Қазақстан» газетін шығару мәселеісі сөз болғанда, бұл істі қолданаған керекті қаржыны толықтыруға жәрдемдескенін айтуға болады.

1917 жыл шамасында Шәңгерей Қөлборсыдан көшіп ел ішіне (Тай-пақ ауданына) барады. Сүзек ауруымен науқастанып 1920 жылы январь айында Жымпыйты ауданы Ақбақай деген жерде (Батыс Қазақстан облысы) қайтыс болады.

Шәңгерей өлең-сөзге жас кезінен үйір болса керек. Өзі бір өлеңінде жиырма алты жасқа толдым деп осы жігіт шағында өлең жазып жүргенін аңғартады. Бұл кезде сөзге ұста, ысылған, өлеңді кең толғап еркін жазатын ақын болғанына қарағанда, одан ертерек уақытта да өлең жазып, шығарып жүргенге үқсайды. Шәңгерей өз бетімен ескіше де оқыған. Орыс тілін жете біліп, орыс әдебиетін көп оқып, көп білген (өзінің үлкен кітапханасы да болған екен). Шәңгерейдің орыстың әдеби тілін жақсы білгенін, оның әртүрлі сыр-бояуын терең түсінгенін, сөздің кесте-нақышының мәнін еркін айрып, ұфа алғанын оның М. Ю. Лермонтовтың «Қашқын» атты поэмасын қазақшаға өнін түсірмей, әлсіретпей аударғанынан-ақ көруге болады. Қазақ халқының сөз өнерін менгере алғаны, оның нәрін бойына сіңіре білгені, оған қоса орыс классикалық әдебиетіне тереңдеп үңіліп, тексеріп, таңдаулы нұсқаларын өзіне үлгі еткені Шәңгерейдің шығармаларынан да байқалады. Ол — жазба әдебиет дәстүріндегі поэзияның түр-үлгілерін тузыған ақын. Қазақтың халық әдебиетінің дәстүрлөрін, тіл, сурет байлығын жазба поэзияның өмір суреттеу әдісі, амал-тәсілдерімен үштастыра алған.

Шәңгерейдің өз сөздеріне қарағанда өлеңді көбіне жазып шығаруды ғадет еткен сияқты. Қенет туған экспром түріндегі, және басқа сондай сұрып салып айтылған өлеңдерін де қағазға түсіріп, жазып жүрген. Содан әркім естігенін жаттап, ауызша айтылып тараған. Әрине, әркім сүйгінің, қалағаның, ұнатқанын жадына сақтап, кей жерін түсіріп айтқан, не ұмытқан.

Шәңгерей «Қара мұрт» атты көлемді әңгіме-роман жазған деген де дерек бар. Бірақ ол сақталмаған. Ұзақ жасап, көп жыл өлең шығарып 2-119

жүрген ақын қалдырған әдеби мұра, сөзсіз, бізге келіп жеткенинен әлде қайда қомақты, салмақты, әлденеше есе мол болу керек. Содан әзір белгілісі, қағазға түсіп, баспа көргені оннан бір нұсқасы ғана десе болады. Қөлемі шағындау болғанымен Шәңгерейдің сақталған, белгілі болған шығармалары оның творчествосының идеялық мазмұны мен әлеуметтік бағытын танытуға негіз, дәйекті дерек бола алады. Олар әртүрлі тақырыпқа арналып, қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарын, қамтиды.

Шәңгерей шығармаларының басты сарындары, идеялық салалары өмірдің өтүі жайлы топшылау, ескі заманды аңсау, ғылым-білім туралы ой тую, өз өмірінің әртүрлі кезеңдерін бейнелеу, махаббат, достықты, саяшылықты, табиғат құбылыстарын суреттеу болып келеді.

Олардың ішінде әлеуметтік өмірдің әртүрлі жақтарын сөз ететін шығармалары өз алдына бір топ. Осы топтағы өлеңдердің тақырыптық өзегі заманның өтүі, жастық шақ кетіп көрілік келуі, өлім, о дүние, дін жайлы толғаулары болып келеді. Бұл алуандас өлең-жырларында Шәңгерей ескіні аңсайды, өмірден түніліп, торғады.

Тегінде, әлеуметтік мәселелерді қозғаған шығармаларында да Шәңгерей унемі алға тартпайды, көп ретте ол жол таба алмай түйікқа тіреледі. Оның қоғамдық ой-пікірлері, топшылау-түйіндері бірде өмір шындығының айқын елесін көрсетсе, бірде өмірден торығу, өткен хандық-бектік дәүірді аңсаудың, ескіні көксөудің шарпуымен көртартпа сипатқа ие болады.

Жер-сұдың құты кетті, сәні кетті, бәрі адыра қалды, бұрынғы шынайы жақсы асыл адамдар енді жоқ, бұрынғыдан билер, ерлер енді тұмайды, заманым өтіп кетті, енді бұл өмірде қуанар ештеме қалған жоқ деп хандық дәүірді, феодалдық ескі әдет-ғұрыптың, салт-сананың қаймакы бұзылмай тұрған кезін қөксеп қүніренеді.

Адыра дедім Нарынды
Қотаны үшын қолінен,
Құты кетіп жерінен,
Саба құрсақ билерден,
Еңіреген ерлерден,
Айрылып адыра қалғанға.

Өз заманының, капитализм элементтері орнығып, өндіріс, егін, сауда отырықшылық етек алып келе жатқан заманың бұрынғы хандық дәүірімен салыстырғанда аз болса да, артықшылығы барлығын, бір адым болса да, прогреске жақындығын көрмейді.

Өткен заманды қөбінше бірыңғай мақтап, қолеңкелі жақтарын тереңдеп сөз етпейді. Хандық дәүір халықты қанқақсатқан қатты қанаудың дәүірі болғанын ашып көрсетпейді, тіпті ескермейді. Хандықтың әбден тозығы жеткен, жаңа дәүірдің талап-тілегіне мүлде сай келмейтін система екенін, оны жаңғыртудың ешбір қысыны жоқ екенін ақын жете түсіне алмаған.

Ала ту Абылайдың ала аттансан,
Аламан артындағы біреуі мен.

Ұлы дубір шықса, қалмас едім, елге жау келсе аттанған әскердің, жиылған қолдың қатарында болар едім, мен де «Абылайлап» шығар едім деп отырып, ақын Абылай ханың саясатын түгелдей қуаттайты, өзін сол ханың жолын куушы, ісін алға бастырушы мұрагердің бірі деп сезінгендей болады.

Шәңгерей өсken ортада, хан тұқымдары арасында Абылай ханды ұлығылаудың үлкен орын алғандығы, оның өткен хандықтың туы секілді қастерлегендігі айтпаса да түсінкті. Шәңгерейдің Абылайды бағалауына

сөзсіз осы ортадағы ұғым-нанымның әсері болды. Ақын Абылай ханың ісін, тарихи ролін сын көзімен қарап дұрыс түсіну дәрежесіне көтеріле алмады. Алайда Шәңгерей Абылай жолын, хандық жолын қуатын ұқыт озды деген ой түйеді.

Адамның аманатын алла алады,
Ажаға ақыл, ажар не қылады,
Алабы алыс сулар сулғанда,
Аңгарын айдан көлдің шаң алады,
Алайда аңсыраған алғыр түйін
Абайсыз аңқып ауға шырмалады.

Абылай секілді ірі қайраткерлер кеткен соң сонынан ерген, жолын қуғандар тауы айтып, тозып кетті, енді олардан алғырлық, тапқырлық табылмайды деп налиди.

Ескіні қөксеген ақын өмірде бір қалыпта түрмак жоқ, бәрі баянсыз, түрлаусыз, ертең өтеді деп ах үрып күйінеді. Шәңгерей өмірдің өтүі жайлы осы түрғыдан толғайды.

Ақынның өлім мен өмір туралы философиялық толғанысынан бірталаі өмір шындығының елесі көрінеді. Ол тұмак, өлмекті, діни үғымға сүйенсе де, қалайда табиғи, заңды құбылыс ретінде түсінетіні аңғарылады. Бұл тұста өзінің топшылауларын, түйінді ойын үнемі құрғақ баянда-май сөзбен мүсіндеп жасаған жанды бейне, келісті сурет-картина арқылы да шебер жеткізеді. Бірақ Шәңгерейдің өмір жайлы, өмірдің өтүі жайлы ой-пікірлері оның әлеуметтік өмірден безіну, бойын аулақ ұсташа сияқты қоңіл-қүйлерімен астасып, шығармаларындағы өз заманынан торығу сарынымен үштасып кетеді. Өмір өзгеріп, заман ауысып, ескінің өліп, жаңаңың туып тұратынын, үнемі осылай болатынын түйген ақын осы бұлжымас өмір занын ашына қабылдайды, күйзеле сезінеді. Барлық қоркыныш, қауып-қатерді бір жерге үйіп-төгіп, өмірді өте сұсты, қаһарлы етіп көрсетеді. Қырда құлан аман жүрмек жоқ, қалайда қазаға ұшырай-ды. Жол тосқан жолбарыс құланың жүргегін жұлып жем етеді дейді. Бірақ ол да аман кетпейді. «Бекен терісін бөрік еткен, сексеуілден күркे еткен» мерген жалғыз оқпен оның да казасын жеткізеді. Мерген де ажалдан құтылмайды. Жағын кезеніп, жан алатын ғазраил тұр дейді. Жалмап жұтып, қылғып жоқ қып жіберетін тажал, жыртқыштарға толы бір дүние. Кім болсын үстінен төніп тұрған опасыз қаза, кезең тұрған ажал-оғынан құтылмақ емес. Жаза бастырмайды, аңдаусызда ойда жоқ жерде тап болады. Өз заманындағы әлеуметтік құрылышқа жатырқай, қараған ақын алдан да үміт таппайды. Сейтіп барып ол алдағыны о дүниeden, құдайдан күтеді. Дінге, құдайға қоңіліп сендеріп, содан бір тыянақ таппак болады:

Ол құндерді тапсырдым
Жасаған өзің бір алла.

Өмірдің ауыртпалығынан құтылып, женілдік көретін күн о дүниede ғана туады дейді.

Сонда бір қоңлім сап болар,
Жалғыз жатып күніреніп,
Казаны ойлап толғаудан.

Ал бұл өмірде қайғы шерден арылу, жалғыздық мұнынан айығу мүмкін емес, тек өлең ғана шер тарқатып көңіл жадырата алады дейді:

Кең сарай сахырада өтті күнім,
Тасболат тар қапуда шықпайды үнім.
Жалғызық жанға батса, шер тарқатқан
Кобыздағы күніренген қайран тілім.

Өмір, дүние жайлы толғанғанда Шәңгерей өз тағдырын ойлап, барлап, өз көңіл-күйін баяндап отырады. Бұл заңды да. Лирик ақын өмір құбылыстарын өзінің ішкі дүниесіне байланысты, соған үштастыра сезінеді. Бұдан Шәңгерейдің торғызы, жалғыздық күйін шертуі өз басының мұнынан ғана деген мағна тумайды. Оның мұны қоғамдық өмірді түсінуімен тамырлас, тығыз байланысты. Өзі шыққан ортадан, хандық дәуірді қөксеген топтан мұлде жырылып шығып, карасын үзіп кете алмаған ақын ескі заманың, қоғамдық қалыптың күйреуін белгілі мөлшерде өз басының да трагедиясы деп түсінетін сияқты; ол ескінің елесін аялаш, өзін өмірдегі тірек-таянышынан айрылып қалғандай, дағдарыс, күйзелі қалпына түскендей сезінеді.

Шәңгерейдің осындағы көңіл-күйін байқататын шығармалары, оларда торғыу сарыны басым болса да, өзінше ескі хандық, бектік дәуірдің тарихи сағнадан біржолата кеткенін, қайтып келмейтінін көрсететін бір белгі, айғақ сияқты. Ақын өткен заманың қайта айналып, қалпына түспейтінін әбден мойындал, ашықтан-ашық айтып стырады. Бірақ бұдан келіп енді өз заманын олқы көрген, көңілі толмаған бетінен де қайтпайды. Өз кезіндегі өмірдің жақалық, жақсылықтың кейбір нышанын көрсе де, қоғамдық құрылыштың құптамайды, әлеуметтік өмірге, күреске араласудан да бойын аулақ ұстауга тырысады.

Бір күнде жас көnlін судай тастың,
Төрт бұрышын дүниенің көрмей болжап,
Киял мен көк каусын барып аштың,
Сыйдырып асқар тауды уысыңа,
Жүзіне алмас қылыш табан бастың;
Күркіреп кара бұлт жасын атса,
Отына жетіп барып құшақтастың,—

деген сөзінен ақынның біркезде өз алдына зор мақсат-тілектер қойғаны көрінеді. Оның осы жас кезіндегі қиял-арманы түгелдей ескіге байланысты болған, содан барып іске аспаған деу орынсыз болар еді. Бұл жастық албырт көңілдің қиялы, әлі бір ізге, арнаға түсіп, әбден анықталмаған нысана-ниет.

Таудағы тас ұядан,
Лашындаид сарықкан қиядан
Шалқып сөзім шығады,
Ойласам пікір қиялдан.
Аспандап қиял кетеді
Шыққан оқтай жаядан.
Жасындаид барып жалт етіп,
Көк капусын ашады.
Жарығына алданып,
Дидарға қадам басады.
Мойынға алсам, бұл қиял
Аулақ емес кінәдан,—

деп ақын бірде қиял-арман ететінім, ойлайтыным бұл дүниенің ісі, соның қызығы ғана, мұным күнә екен деп өзіне тоқтау айтса, бірде алдыма мақсат қойып, салмақты міндет атқарып жүрмедім, талай дәурен қолымнан шығып кетті, қапы қалдым деп отырады:

Ойласам сонан бергі ғұмырымды,
Кетіпті талай дәурен уысынан.

Ақынның өршіл қиялы қалайда өз заманына наразы болумен астас, сабактас жатады.

Сұнқардай шалықтаған тас ұяның
Болжаған жер қияны ер қиялым,
Мерт болған арыстандай айға шауып,
Кайғылы қайтық болған шер қиялым,
Жер-жебір, жермен жексен болайын деп,
Сен тұрсаң кезеңінде пан дүнияның.

Осы наразы болған бетімен, дараышылықта бой ұрып, Шәңгерей енді өз заманында қандай әлеуметтік құбылыс, уақыбалар болып жатқанына көңіл қойып, зер салуға ұмтылмайтын секілді. Қоғам өміріндегі ірі, ір-гелі мәселеге үн қосып, не заманың ұлық, би-болыс сияқты әкімдерін сынап, әшкерелеуді ниет қылғаны байқалмайды.

Ақын шығармаларында қазақ қоғамының өміріндегі әлеуметтік тен-сіздікті көрсету жағы солғын, әйтеуір жарлы, кедейге жаны ашығандық нышаны, елесі бар.

Тен көрген бай, жарлыны бала күнім,
Сен кетіп менмендікпен көңлім тасқан,—

деп Шәңгерей кедейді кемсітпеу керек, бай мен жарлы деп бөлмей, бар адамды тен көрген дұрыс деген ишарат пікір білдіреді. Бұл, әрине, ымырашыл либерал санаши, ойшыларға тән гуманизм дәрежесінде ғана айтылған. Дегенмен, көңіл аударарлық, ақынның қоғамдық өмірді тануының бір мәнді жағын анғартатын жай.

Үйтты, өткір сатираға бармағанымен, ақын қоғам өмірінің кейбір жақтарын аз-кем болса да мінеп, сынап кетеді.

Малы барға, дәулетті адамға, өзінен зорға жалбактаушылық, жарамсақтық етушілікті, «нәпсіге еріп», бозбастық, жігіттікке артықша өуес болушылықты міндейді. Өзі дінге, құдайға сенгенімен діни ұғым-нанымның көпшілігі жалған, жай нәрсе деген пікір айтады. Молдалар айтатын о дүниенің, жаннаттың рахаты, пайғамбары, періштесі, бейіші құдайдың сөздері—бәрі де жастыққа, шынайы махаббатқа жетпейді дейді:

Фасанды, қалимолла⁴ маған берсен,
Жүзігін Сүлейменнің қолға кисем,
Жасымды жиырмадағы қатар қойып,
Ал таңдап десе мұның қайсын сүйсен.
Таяны торға шықпен таяқ алып,
Не жакет нәл⁵ сұйна өткел салып,
Тіліне құрт-құмбырса мұқтажым жок,
Жүзігін Сүлейменнің жұтын балық.

Фаламға он сегіз мұң патша болсам,
Алтыннан асқар таудай тақыт құрсыам,
Қелінен нуролқаят⁶ сұлар ішіп,
Дүнияды болса өмірім не мұң сан,
Жаһнантан періштегер жерге еніп,
Қәусар ап⁷ пердеуістан⁸ ішіп тұрсыам.
Мармадан бағирамға бина⁹ салып,
Хор қызын жаннаттағы құшып тұрсыам,
Шайхулслам, зор ғұлама ишандардан
Аударып хак қәләмін¹⁰ суал сұрсыам.
Перғауын, дажал дәүлөр әлек болып,
Қаһармен қарсы тұрып қол ұсынсам,
Қап тауға мәләйіктей ұшып қонсам,

⁴ Құдаймен сөйлесүші (Мұса) пайғамбар деген мағнада.

⁵ Н и л.

⁶ Тіршілік нұры, қасиетті су.

⁷ Таза су.

⁸ Жаннат.

⁹ Бау-бакша ішінде мрамордан үй салып деген мағнада.

¹⁰ Күран.

Мұхитқа нән балықтай құлаш үрсам,
Солардың бәрін тастап сені алармын
Бір өзің ел Нарында тірі тұрсан.

Мұндай сөздерді дінге сенгенімен, сын көзімен қарай білген, мөлдәлардың айтқанының бәріне үйіп, бас шұлғый бермейтін адамның ғана айта алатындығында күмән жоқ. Ақын қожа-моддалардың надандығын, шын үлкен өнер, өрісті, терең ғылым-білімнен құр алақан екенін түсіне білген. Олардың ғылымды құбыжық «шайтани» іс деп көрсетуге тырысатындарын ашып айтады:

Сейлеткен жансыз затты өнер исі,
Есітіп таң қалады көрген кісі.
Білмейді қалай етіп түсінерін
Айтпаса түсіндіріп білген кісі.
Істерлі Қазанда оқып, Бұхар барып,
Айтар ма «Ғалым» болып келген кісі,
Сұрасан бұл не іс сол ғалымнан,
Шайтани мұны дейді, көпір ісі,

Ақын ғылымды аса зор бағалап, қастерлеп, бұтағы көп, жемісі саналуан мол биік-шынар бәйтерек бейнесінде суреттейді, әр ғылым, яки ғылымның әрбір саласы сол бәйтеректің бір бұтағы, жемісі секілді дейді:

Бұл ғылым бір бәйтерек шектен асқан,
Шұлғанған бұтағына ғарсы-тұрсі.
Бар әлем он серіз мың саясЫнда,
Таусылмас бұтақ сайын бар жемісі.
Шайтани бұл өнерді қалай дейміз,
Әр өнер сол жемістің бір немесі.

Ғылым дүниенің, табиғаттың неше түрлі сырын, аскар-асқар ұлылығын тану, білуге мүмкіншілік береді. Әртүрлі өнерді, техниканың салаларын өрістегүе негіз болады. Ғылым-білім кіршік басқан көңілдің көзін ашып, адамның ой-санасын өсіреді дейді. «Көп сырлар ашты түпсіз дариядан» деп ұлы ғалым Эдисонның ғылым-техниканы өркендестуде сіңірген енбегінің баға жетпес құндылығын айтады.

Ақын оқымысты, білгір дегенде ел арасындағы шешен, жүйрік, көрін-білгені көп, ел ісіне қанық, өткен-кеткен жайды көп білген, көп түйгөн адамды үлгі етпей, оны қомсынып, дүниежүзілік өрісті, үлкен ғылымға жаңаңық қосқан үздік, озық ғалым Эдисонды айтады. Талапкер, өнер іздеген, ғылым іздеген адам соナン тәлім алғып, соның өнерін өнеге тұту керек дегенді негіздейді. Бұл ақынның қазақ халқы озат ғылым мен техниканы меңгеруі керек, соған қол арта отырып халық мәдениетін, өнерін арттыра, зорайта тусу керек деген тілегін білдіреді.

Шәңгерейдің ғылым мен техниканың мәнін дұрыс түсініп, оны насихаттауы, оқып білім алу, өнер үйренуді құптауы қазақ қоғамының түпкі, түбекейлі мұдделеріне қалайды сәйкес болғанын атап айтудың керек.

Ескілік еңсөні басып бас көтермей тұрған заманда Шәңгерей көктеп, көгеріп, қылтиып көрініп келе жатқан жаңаңың нышанын, белгісін шеттеп болса да көре алды, өзінше түсіне білді. Әз заманының тілек-мақсаттарын үғуда сол кездегі озат ойлар тұрғысына көтеріле алмаса да, кейде, жансалап жақын келіп, ілесіп отырады. Өткен заманды қоксегенімен, ескілікті түгелдей мақтамайды, жаңаңың бәріне бірдей қарсы емес. Қазақстанның Россияға қосылуы нәтижесінде тұған қоғам өміріндегі жаңа-лықтардан кейбірін түсініп қабыл алды, қуаттады.

Шәңгерей өлеңдерінде өз өмірінің әртүрлі көріністерін сипаттаپ, әр кезеңдерін — туысын, балалық шағын, жігіттік кезін, егде тартқан, қартайған уақытын — суреттеп отырады. Бұл тұстарда ақын бала құндеғі адал көңіл, ақ ниетім тотықты, жас кезімді «бұлдандаумен», «сар қоштықпен» көңіл, дүниенің болмашы қызығын қызып кеттім, көңілім тасып масаттанып кеттім, өз жолымнан адастым, бойымда мінім көп, күнәм мол, одан енді тазаруым қиын деп өзін сыйай отырады:

Тотықты нәпсіге еріп ақ ниетім,
Қараайды иман жұзді акша бетім.
Тіміскі үры иттей түнде жортып,
Он бес жас, бұлдандаумен сен де кеттің.
Әпіон жер қиласп шарғы ғамал еткен
Нешікте сар қоштықпен кетті он жетім.

Мұхитта нән балықтай кезген көңілім
Тұмсығың тимей тасқа неге алжастың?
Шұлғының жұн-жабагы, қыл-қыбыраға
Бұрынғы өз жолынан неге адастың?

Шәңгерей өлеңдерінде өте-мөте балалық шақ толығырақ және әсерлі, көркем суреттеген. Шәңгерей балалық кезін айтқанда сол кездегі заман басқа, ол заман енді қайтып келмейді деген сарын әр жерде бір көрініп елес беріп қалады. Өлеңдері бұл тұста қайшылықсыз емес. Оларда өмірім өтті деп өксігендіктің ізі жатады. Ал енді осы тақырыпты сөз ететін шығармалардың артықшылығы, құнды жағы неде десек, алдымен ақын балалық күнін өмір шындығына сай, нанымды етіп және әсерлі көркем бейнелейтінін атап көрсеткен жөн.

Алалы сака атысқан,
Жалаң аяқ құм басқан,
Тал шыбыққа таласқан,—

балалық кездің көріністері ақынның суреттеуінде өзінің нақтылығы, бейнелілігімен де, өмір құбылыстарын жинақтап түйіндеген, типтік сипаттымен де көз тартады.

Ақын балалық шақтың кайта оралмайтын ләзэтін, өзіндік артықшылығын қосаяқ өнересі арқылы шебер береді. Қосаяқтың жаратылыс — бітімін, мүсінің, қымыл-қозғалысын үлкен суреткерлікпен сипаттайты. Қосаяқтың өте көркем, келісті, жанды, динамикалы бейнесін жасайды. Ақынның қосаяқтың кескін-келбетін мүсіндеуге жүйріктігі және бұл орайда көзге түсे бермейтін ұсак нәрсені көре білуі, қосаяқтың тұрпатын түгелдей мүшелеп, бөлшектеп, соның бәрін неше түрлі сыр-бояумен дақпадақ нақтап айтып, бедерлі бейнелі суреттеуі көз тартарлық. Ақынның қыбыр еткен қимылды баққан сезгіштік байқағыштығы көңіл аударады:

Бура санды, аң танды,
Түсі алтындаі ақ сары,
Ауызға біткен кос тістің
Меруерттей ажары.
Қаусырмалап қактаған
Шытактай жұқа құлағы.
Қияқтаи барып ін алған,
Екі аяқпен серіпкенде
Желі бойы жер алған.
Топыракқа басса табаны,
Шайықтардың ершатқа
Басатығұн мөріндей
Сопақша сұлу із салған.
Мойыл көзді, тоқ жұзді,
Мақтау сөзбен айтпастай

Айтудан артық жараган.
 Көзіндегі сенің көз бітсе
 Оң жақтағы аруға
 Он беске жасы қараған,
 Қалы кілем, қара нар,
 Бес жиырмада болсын садаған.
 Қарқарадай жанышылған
 Тебебе біткен қос құлак,
 Шашылған зат шашылса,
 Шашылар осындаі-ақ!
 Бәйшешек түбін қолға алып,
 Тілерсек басып, тік тұрып,
 Қарсы тұрып қайзаса,
 Бет біткеннен сұлурак.
 Қияқты төмен түбінен
 Таң алдында ін қазған,
 Құйрықты туған жүлдіздай
 Шығарып жерден жас топрақ,
 Зерден өрген шашпаудай
 Болар-болмас төрт қырлап,
 Құйрыбы ұзын, ұшы ақ,
 Сансыз буын тастаған
 Масақы келген ақ шашақ.
 Айтулы сонау Нарында,
 Нарынның қызыл құмында
 Бар еді сондай жануар,
 Оның аты — қосаяқ.

Мұны оқығанда қосаяқтың пішін-келбеті, ықшамды, сәнді дene құрылсы, ойнақты қымыл-қозғалсы, ширақ, құнақылығы, серпе басып, секіріп отыратын жіті жүрісі еріксіз көзге елестейді. Оқушы қосаяқты қолға ұстағандай сезінеді.

Ақын қосаяқтың кескінін, сырт көркін сүйсіне, көтере суреттейді, әдемі салыстыру, теңеулермен ажарлап, сұлулап бейнелейді. Оның көзі толықсыған арудың көзінен де артық деп, қызыға, қызықтыра түседі. Самарқау, салқын баяндамайды, еліктіріп әкетеді, жүрек толқытатын әсерлі нәзік лирикалық сезіммен айтады. Осының бәрін балалық шакты неғұрлым жарқын сәүлелі, әсем етіп суреттеу үшін істейді.

Сол қосаяқты қуалап,
 Тал шыбықты шуделеп,
 Қарындаі үрген домалап,
 Бәйшешек бетті бала едім,
 Сол күнімді ойласам,
 Көз алдында тұрады
 Кешегі өткен күндей-ақ,—

деуінен қосаяқ қаншалықты мол, қаншалықты көркем бейнеленгенімен, шығарманың идеялық-мазмұндық өзегі, тірері сол қосаяқты қуып жүрген баланы суреттеу, балалық шакты сипаттау екенін, балалық кездің қызығын, уайымсыз-қамсыздығын көрсету екенін аңғарамыз. Осы бір картинадан қайғы-мұнды білмейтін, ойын қуған баланың қуанышын, оның әдеміні, жедел-жүйрікті, ойнақыны көріп тамашалайтынын көреміз. Бұл — өмір сырын, не нәрсенің пайда, зиянын жете айыра алмаса да, табигатың, өмірдің әдемілігін, сұлулығын сырттай көріп қызығып, ләззат алатын балалық кездің қуанышы, түбі өмірге құмартудан туған қуаныш.

Баланың бейнесі қосаяқ неғұрлым кең, шебер суреттелсе, содан толысып, солғұрлым молайып, ажарланып, күшейе түскен. Қосаяқты сұлулап, қызыға суреттеуі де бала қандай қуанса, соны елестету, баланың психологиясын, ой-сезім дүниесін шынайы, өмірдегідей етіп, сипаттау тілегінен туған. Қосаяқ бейнесі бұл ретте қысынды жасалған символ түріндегі

образға айналады. Ол балалықтың символындағы, балалық шактың бір белгісі сияқты. Балалық кездің артықшылығы, жас кездегі адамның бейқамдығы шексіз қуанышы, жанының пак тазалығы, адалдығы, ойынға құмартқан баланың ширақ, алғырлығы, өмір сүйгіштігі де қосаяқ бейнесі арқылы айқын көрінісін тауып, әр жақтағы мол көрінген. Ақын баланың образын ұтымды тәсіл тауып шебер жасайды. Өмір құбылыстарын типтік дәрежеге көтере суреттеп, бір картина-сурет арқылы көп дүниені, көп жайды аңғартады.

Шәңгерей лирикасының көңіл-күйін толғайтын шығармаларымен қатар тағы бір елеулі саласы—махаббат, достық жайын баяндайтын, саятшылық өнерін, табигат көріністерін суреттейтін өлеңдері.

Бұл аталған тақырыптарға жазылған шығармаларында Шәңгерей ақындық өнерінің өнімді, күшті жақтарын молырақ байқатады. Торығуға үнемі бойын билеттей, көбіне сергіп, серпіліп отырады. Ақынның махаббатты, табигатты суреттеуі өмірден безінү емес, алдымен өмірді қызықтау сезімінен туып, осы сезімінен от алып, нәрленеді. Махаббат, достықты ардақтауы, табигат құбылыстарын тебірене сергек сезінуі, неше түрлі хайуан-мақұлықтарды әсемдеп бейнелеуі — мұның бәрі бай эстетикалық сезімнен, табигат сырын терең ұға білуден, ақындық шеберлікten туады. Бұл тұстарда Шәңгерей серілікті әдет еткен Ақанға үндес келеді. Әсем, назды ән-күйді сүйген, махаббатты асыл арманы етіп ардақтап жырга қосқан, жүйрігін баптап, шабысын қызықтаған Ақанмен Өмірден торығу да, дарашылдықса бой ұруы Ақанға ұқсас. Бірақ Ақандай отты емес, өмір сүрген ортасына наразылығының да ондай жалыны, шарпуы байқалмайды. Тегінде Шәңгерейдің ақындық сезімі қанша терең болғанымен, ұшқынданып от алып, жалын атып кетпейді. Қызуы үзілмей, жалыны басылмай біркелкі сәуле беріп тұрады.

Ақын махаббат тақырыбына, табигат көріністерін суреттеуге арналған өлеңдерінде қоғам өмірінің көкейтесті, маңызды мәселелерінен алшақтап, кей реттерде таза көркемдікті, таза әдемілікті үағыздайтын ақындарға жақындал, солармен сарындаға кетеді. Осылан қарағанда, орыс жазушыларының шығармаларын көп оқып, көп үйренген ақын орыс әдебиетіндегі эстет жазушыларды, (Фет, Тютчев сияқты) өте-мөте іш тартып, осылардың өмірді суреттеу, бейнелеу тәсілдеріне, ерекшеліктеріне беріле дең қойған, үйіған секілді. Сондықтанда Шәңгерей өмірді қызықтап, оның қуанышын, ләззэтін суреттегендеге дарашылдықтың тарарнасынан шыға алмай, кей ретте қоғам өмірі, халық арман-мұддесінің басты тілек талаптарынан алыстап кетеді.

Ақынның махаббат туралы өлеңдерінің сақталған үлгілері көшілігі арнау өлең, хат өлең түрінде жазылған. Оларда махаббат жайы жеке, өз алдына сөз болып, әлеуметтік мәселелерге байланыссыз айтылады. Шәңгерей әйелдің азаттығы, бас бостандығы сияқты мәселелерді жеріне жегізе, әлеуметтік мәнін аша, қазақ қоғамында сол кезде бар озат ой-пікір дәрежесінен көтере қоя алмаған.

Алайда Шәңгерейдің махаббатты, әйелге деген сүйіспеншілдік сезімді жыр етіп қастерлеуі, ардақтауының сөзсіз өз дәрежесінде белгілі прогрестік мәні болды. Торығу, ескіні көксеушиліктің ізі көрінетін өлеңдер де ара-тұра кездескенімен, ақынның махаббат, табигат жайлай шығармалары идея, мазмұн жағынан алғанда негізінен халықтың эстетикалық ой-санасы, ой-пікірінін жақсы жақтарымен қабысады.

Ақын жоғарыда сөз болған «Фасаңды, қалимолла, маған берсөң» деп басталатын өлеңінде шын жақсы көретін жардың махаббатына жетерлік еш қызық жоқ, ғажайып аңыз болып айтылатын, болмаса о дуниеде, ұж-

мақта болады дейтін рахаттың еш қайсысы осыған жетпейді десе, енді бір өлеңінде сүйген жарына:

«Тартқанда таразыға сені алармын,
Алтынды не қылайын күмісімен,—

дейді. Казак ортасында әйелді малға сату, әйтеуір кім де болса, мал бергенге беру орын алған, салтқа айналған кезде Шәңгерейдің әйелдің адамшылығын бағалап, күрметтеуі сүйсінерлі.. іс. Ақын әйелдің асылдығын, ақылын, жақсы, жарасымды мінезін, сұлулығын, көркін шабыттана бейнеледі:

Жігіттің болса алған жақсы жары,
Сен болсаң бір аллаға еткен зары,
Баладай ыриясыз еркелеген
Сен болсаң тағы соңда ынтызыры.
Құлқына құмарланып құшқанында,
Шайқалып тұрса алтын сырғалары.
Камшатқі, барқыт тәбे қырын киген
Қадалса емпериал әм динары.
Ақылы жамалына болса лайық,
Жігіттің сол емес пе жан дидары?

Ақын махаббат, сүйіспеншілік тұрақты, баянды болсын, аз күндік алдамшы қызық қумау керек, сыйласқан, ұғынысқан, достасқан адамын махаббаты қымбат деген пікір айтады.

Көз салып көрінгенге жүре берме,
Жақын бол құрбыңменен қадір білген,—

дейді:

Көлдерде ат ойнақтап, құс шүйгенде,
Адамның болса әзілдес құрбылары.
Болғанда жарың соңдай, күрбің мұндай,
Бозбаллар деп білініз бағың бары,—

деп көңілдестік, әзілдестікті, құрбылықты, ақжарқын жолдастықты қадір тұтады.

Шәңгерей өлеңдерінде махаббат, жастық туралы сөз болғанда оған сабактас, жалғас саятшылық өнері де айтылып отырады.

Алабын Қөлборсының сулар алса,
Сыңқылдаш қонар көлдің үйрек-қазы,
Ойнақы мініп атқа, ал қаршыға,
Зер қарғы сылаңдасып ерсін тазы.
Қөлдерде ат ойнатып, тарлан ұшыр,
Жігіттің жігер тұған бұл шандазы.
Жастықта жігіт адам жігер болса,
Кайт болмас қалқасына еткен назы.
Құлакқа, киген сырға, есітілсін
Құс салып кешкі соққан дауылпазы.

Аң аулау, ит жүгіртіп, құс салу—бұларды ақын жігіттік, жігерлік белгісі деп санайды. Құр ермек қана емес, тамаша серуен, көңіл көтеретін, ләzzat алтын қызық, спорт деп түсінеді. Шынында бұлар халықтың өмірінде үлкен орын алған, зор өнер деп бағаланған. Шәңгерей өлеңдерінен оның алуан тұрлі аң, құсқа әуес, жақындағы, сан қылды хайуанаттың сырын біліп, сырмінез болғандығы айқын көрінеді. Оларда әртүрлі табиғат көріністері елеулі орын алады. Ақын өзі мекен еткен жерінің табиғатын әсерлі түрде бейнелейді. Шәңгерейдің шығармаларын оқығанда адам кең сахараның саясын, шалқыған, шалқар көлдің айдынын, күн

нұрымен күмістенген су толқынын, майдалап ескен самалығын лебін сезінгендей, көріп отырғандай болады. Дағаның ойы, қыры, шешек атып, бусанып тұрған көк майса көк орай шалғыны, көк жүзіне самғап ұшып, түйіліп түскен қыран құс, қанқылдаш көтерілген қаз, пырылдаш ұшқан үйрек, сылаңдаған тазы — түрлі жануар, мақұлықтың тіршілік-әрекеті елес беріп, окушының көз алдынан өтіп жатады. Табиғат көріністерін, аң-хайуантардың бітім-сипаты, қымыл-әрекеттерін ақын өмір шындығына сай, шынайы қалпыда бейнелейді. Ақынның табиғатқа көзқарасы миғіт үғым-нанымдардан таза, суреттеуі қиял түрінде емес, негізінен реалистік сипатта болып келеді.

Ақын шығармаларының көшілігі өмірде болған, белгілібір жағдай-лармен байланысты туғаны секілді, табиғат көріністерін суреттеген өлеңдері де өмір шындығына жанасымдылығы, нақтылылығымен көзге түседі. Шәңгерей қиялданып, сағым қумайды. Қоңлімен пішіп, ойша көрік жасамайды, жасандылыққа баспайды. Өзі өмір сүрген, мекен еткен жер-сүсу, Нарын менен Қөлборсы—осылардын табиғатын, көркін мейірлеңе, шабыттана бейнелейді. Өмірде, табиғатта бар көркемдікті, әсемдікті, келісті, мейлінше әсерлі етіп сипаттауға күш салады.

Шәңгерей табиғат құбылыстарын солғын суреттемейді, терең сезіммен, толғана жыр етеді. Табиғат құбылыстары ақынның сезім дүниесінде елеулі срЫн алады, снын лирикасының бір арқауы болып отырады.

Табиғат көріністерін ақын өзінің көңіл-күйіне сәйкес, орайлас сезініп, өз ой-пікірлеріне ұштастырып, жалғастырып әкетеді.

Табиғатты суреттеуінен ақынның өмірге құмартып, қызықтауын да, өмірден торыгуын да байқауға болады. Мысалы, бір өлеңінде Шәңгерей өмір өтеді, кімнің де болсын уақыты жететін күн болады деген ойын бірнеше символ сурет арқылы айтып жеткізеді. Шағаласы қалықтап, қаздары қатарын түзеп ұшқан, сұна жылқы жабылып, шүркүрасқан, балығы ойнақтап оршып тұлаған көлді, жапырағы жайқалған биік шынар бәйтепекті бейнелейді. Қөл суалады, бәйтепек құлайды, жапырағы қурап солады, дүниеде бірқалыпта тұрмақ жок, адамның өмірі де бірқалыпта тұрмайды дейді. Бұл Шәңгерейдің суреттеу ерекшелігінің бір қырын да аңғарта алады. Шәңгерей ойын жайғана баяндан айтпайды, тұспалды бейне жасап, сол арқылы аңғартады. Балалық шақты, оның қуаныш-қызығын қосаяқ бейнесі арқылы жеткізетіні секілді өмірдің өтуін де табиғат көріністерін бейнелеп суреттеу тәсілімен баяндайды. Ақын суреттегек құбылыс, кескін-кейіп жанды бейне болып көрінеді. Суреті күнгірт, бояуы түссіз емес, әсерлі, тартымды болады.

Қазақ поэзиясында терме, толғау жыр, дидактикалық өлең түрлерінің еді. Шәңгерей сыршыл лириканы, суретті бейнелеу тәсілін дамытатүсті—оның творчествосының салмақтырақ жағы осы.

Шәңгерей шығармаларының ішінен ауыз әдебиетіндегі шешендік орнектер, нақыл сөздер дәстүрінде жазылған:

Шайтанға шаршап тұрған ат бергенін —
Тамұққа жақынды жақ дегенің.
Жыланды жолда жатқан сокпай кетсен,
ТАП болған бір фарыпты шақ дегенін,—

деген сияқты ғибратты мағнасы бар қысқа нақыл өлең,

Ағаш едің құрмай¹¹, өскен,
Ұршық болдың шуда өскен.
Бір қалыпта тұрмақ жок,
Шығармалық мұны естен,—

¹¹ Ағаштың бір түрі.

деген секілді экспромт үлгісінде құрылған тұжырымды өлеңнің нұсқасын кездестіруге болады. Шәңгерейдің өлеңді сұрып салып айтуға да ұста болғандығын көрсететін тағы бір жайды айта кетуге болады. Қүсепелі деген бір адам жаздығуні көшіп келіп орнаған жайлаудың көркін бірауыз өлеңмен өзінше суреттеп айтқанда, соның сөзін жалғастырып, Шәңгерей мына өлеңді шығарған екен:

Әртүрлі өлең өсіп көгеріңкі
Макпалдай төсеп салған қайран жерім,
Макпалдай көтеріңкі төсеп салған,
Жаннаттай десем мислі емес жалған.
Жап-жасыл жер жүзінің хоشتығына
Аспанда торғай шырлап еткен сайран.
Бір сағат сап ауасын жұтқан адам,
Табады неше түрлі дертең дермән
Сәйір етіп аруменен жүрсөн мұнда,
Көкіректе қалмас еді-ау титтей арман.

Ақынның осы өлеңін, сол сияқты жоғарыда аталған, талданған басқа өлеңдерін қығанда байқайтынымыз — ол ауыз әдебиетінде қалыптасқан, бұрыннан бар үлгілерді пайдаланумен танбаған, оны қанағат етпеген. Жаңа арна, жол іздел, өлеңнің жаңа түрлерін туғызуға, жазба поэзияның үлгілерін дамытуға күш салған. Шәңгерей лирика саласында өзіндік үлгілер тудырған, ізденіп җазған ақын. Ол, мысалы, бір лирикалық өлеңінде өзінің көңіл-күйін былай суреттейді:

Құйрық атып құлия,
Тұлқідей қашқан жымия,
Қаранды үзіп барасың,
Бізденде, қайран дүния.
Көп жылдар күдым артынан
Лашындаң сызып жер кия.
Бірде шығып жарыққа,
Бірде сарықтым тұңғия;
Құнім базар, тұнім той,
Замандас, жаран жылып,
Зауық, запа өне бой,
Шад-шадыман құндерім
Демедім бастан өтер ғой.
Дәурен өтіп жас жетіп,
Замандас құрбы адамдар
Азайып келіп ол бітті,
Көрген түстей бері де
Көзімнен болды зым-зия.

Көңіл-күйі лирикасының осындағы үлгілерін тудырғаны Шәңгерейдің творчествосының құнды, құнарлы жағын үстей түседі, сонымен бірге ақынның өлеңдерінде өмірім өтті деп нану сарыны қалайда көрініп қала-

тының анғартады.

Шәңгерейдің М. Ю. Лермонтовтан аударған «Қашқын» атты поэмасы оның көлемді, құрделі шығарма тудыруға да шеберлігі жетегінің аңғартады. Бұл поэманың идеялық мазмұны — халық мұддесінен қара басын артық санаған қоян жүрек қорқакты әшкерелеу, ерлік-батылдықты, намысын қорғай білушілікті уағыздау. Шәңгерей Лермонтов поэмасының мазмұнын, идеялық құнарлылығын, көркемдік қасиеттерін қазақ тілінде көңіл толарлықтай етіп жеткізеді. Орысша текст ямб (8—9 буынды) өлшемінен жазылған, Шәңгерей қазақшаға II буынды өлеңмен аударған. Сонда да поэма түп нұсқаға өте жақын, басы артық, орынсыз сөздер кездеспейді. Шығарманың тілі көркем, орамды. Мұны мына үзіндіден ақ көруге болады:

Күн батты, сол арада тұмандатты,
Тұнеріп жердің жүзін мұнар жапты.
Әлпелдің күн шығыстан исі келіп,
Жер жүзі переделеніп ақшыл тартты.
Ай туып, балқып жерден сары алтындаі,
Көтеріліп бірден-бірге жарығы арты.

Шәңгерей творчествосының бір құнды жағы — ол тілге ұста ақын. Келісті, ұтымды теңеу, салыстырулар тауып, орынды қолдана біледі. Халық тілінің байлығын менгере білген ақын сөзді орнын тауып орайына келтіріп қолданады, сөз кестесін өзінше қыстырыады. Шәңгерей дайын, айтылып жүрген сөз үлгісін пайдалана бермейді, соны, тыңдан туған сүреттеулер, жаңаша, өзінше қиуластырылған сөз тізбектерін пайдалануға үмтүлады. Сонымен бірге Шәңгерей қазақтың байыры сөздерін көп білген, оларды қысынды қолданған.

Корыта келгенде, Шәңгерейдің қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар. Оның творчествосы қайшылықсыз емес. Ақын творчествосында шытырман, қайшылығы көп қоғам өмірі туғызған әртүрлі идеялық ізденулер, кертартпа санаған туған ой-түйіндер, бұқара халықтың тілек-мұдделерінен сәйкес келетін өнімді, мәнді ой-пікірлер түйісіп тоғысқан. Шәңгерей шығармаларының осал жағы — өмір өтті деп өкінуі. Бұл тұста ол керта-ртпа бағыттағы кейбір шығыс ақындарымен, оларға сарындағы үндес қазақ ақындары басып өткен соқпақпен, солар тастап кеткен ізben жүреді. Бірақ Шәңгерей торығуға мулде бойсұнып, бойын жендірмейді. Өмірден күдер үзіп, сұнып, сырт айналған шырай көрсетпейді. Оның өлеңдерінен жаңалыққа ойысуға азда болса үмтүлғаны байкалады.

Шәңгерей творчествосының құнды бағалы жағы — ол шығармаларында өз дәүірінің бірпара өмір шындығын дұрыс бағдарлап, аңғарды, суреттеп көрсете алды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается поэтическое творчество Шангеря Букеева, представителя консервативного крыла казахской литературы второй половины XIX и начала XX веков. Творчество поэта глубоко противоречиво. В произведениях Шангеря элементы критики социальной жизни того времени, призывы к знаниям и науке, утверждение достоинства женщины переплетаются с воспеванием старины, идеализацией прошлого.